

**2009 жылы аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 09 ақпандағы N 15 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал аудандық Әділет басқармасында 2009 жылы 11 наурызда N 10-3-132 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 4 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010.01.11 N 4 Қаулысымен**

1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 санды Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 42 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы "Сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалауды атқару Нұсқаулығын бекіту туралы" N 151 бұйрығының 17 тармағына сәйкес, аудан көлемінде соттың шешімімен "Қоғамдық жұмысқа тарту" түріндегі жазаға сотты болған азаматтарды қоғамдық жұмысқа тарту мақсатында Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Арал ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы "Аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы" N 3 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 10-3-113 нөмерімен 2008 жылғы 29 қаңтарда тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 11 санында ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары  
Б . Д а б ы л о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Аудан әкімі*

*Н.Мұсабаев*

А у д а н

2 0 0 9

N 15 қаулысына қосымша

ж ы л ғ ы

9

ә к і м д і г і н і ң

а қ п а н д а ғ ы

**2009 жылы аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері:**

1. Тазалық жұмыстары
2. Көркейту-көгалдандыру жұмыстары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК